

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 399-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 маусымда № 22967 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 2-1) тармақшасына, "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы

, Бірыңғай байланыс орталығына, мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2021 жылғы 8 маусымдағы
№ 399-НҚ бұйрығына
1-қосымша

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Р/с№	Рұқсат беру талаптары	Рұқсат беру талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1. Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары			
	*Мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін жоғары		

1	<p>білімінің болуы немесе мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) мамандығы бойынша жоғары білімінің болуы.</p> <p>Егер білімі мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келмеген жағдайда, мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша сертификаттау жөніндегі маман ретінде кемінде үш жылдан кем емес немесе аралас бағыттар бойынша сарапшы-аудитор ретінде кемінде 10 жыл жұмыс өтілінің болуы.</p> <p>Мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша сарапшы-аудитор ретінде кемінде он жыл жұмыс өтілі болған кезде орта білімнен кейінгі білімге рұқсат етіледі.</p>	<p>Осы Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны (бұдан әрі – Мәліметтер нысаны).</p>	
2	<p>Мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде үш жыл, оның ішінде мәлімделетін аттестаттау бағытында сертификаттау жөніндегі маман ретінде сәйкестікті растау жөніндегі органда мәлімделетін аттестаттау бағытында кемінде екі жыл немесе сарапшы-аудитор ретінде кемінде үш жыл.</p> <p>Қазақстан Республикасында мәлімделетін аттестаттау бағытында сәйкестікті растау жөніндегі органдар болмаған кезде мәлімделетін қызмет бағытында кемінде бес жыл жұмыс өтіліне рұқсат етіледі.</p>	<p>Мәліметтер нысаны.</p>	

*Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізілген ұйымда мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) курстарынан өту және "Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлау (қайта даярлау) және біліктілігін жоғарылату. Жалпы талаптар" ҚР СТ 1.45-де белгіленген тәртіпте тестілеу. Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларды даярлау жөніндегі курстарды өткізу ұзақтығы сексен академиялық сағаттан кем емес уақытты құрайды.

Қазақстан Республикасында аттестаттаудың жаңа бағыттары бойынша даярлау, қайта даярлау жөніндегі курстардан өту үшін жағдайлар болмаған кезде кемінде академиялық қырық сағат көлемінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде курстардан өтуге рұқсат етіледі.

Мәліметтер нысаны

Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау (қайта даярлау) жөніндегі куәліктердің қолданылу мерзімі – бір жыл.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін немесе халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық

Мәлімделетін аттестаттау бағытында тағылымдамадан өткені туралы кемінде бес есеп (кемінде екі түрлі схема бойынша сәйкестікті растау жөніндегі

Мәлімделетін аттестаттау бағытында практикалық даярлаудан (

<p>экономикалық одаққа қатысушы елдерде мәлімделетін аттестаттау бағытында аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудиторда сәйкестікті растау жөніндегі органда практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту.</p> <p>Қазақстан Республикасында аттестаттау бағыттары бойынша практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту үшін жағдайлар болмаған кезде халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестаттаудың мәлімделген бағытында аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудитордан практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге жол беріледі.</p>	<p>жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) немесе бір схема бойынша сериялық өндірілетін өнімнің немесе партиялық өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі кемінде жеті есеп мәліметтерінің нысаны.</p> <p>Халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестаттаудың (мәлімделген бағытында сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығын растайтын құжат (халықаралық сарапшы-аудитор немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестатталған сарапшы-аудиторда тағылымдамадан өткен жағдайда).</p>	<p>тағылымдамадан) өту сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлға сәйкестікті растау жөніндегі объектіге бару арқылы даярлау (қайта даярлау) жөніндегі курстар аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.</p> <p>Қазақстан Республикасында төтенше жағдай жарияланған, карантиндік режим енгізілген, карантин және (немесе) шектеу іс – шаралары белгіленген жағдайда мәлімделетін (аттестаттау бағытында қашықтықтан өту режимінде практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге рұқсат етіледі.</p>
--	--	--

2. Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары

*Сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғада жоғары білімінің болуы. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – тамақ өнеркәсібіне қатысты өндірістік және өндеу салаларын даярлау бағытында жоғары білімінің немесе мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін стандарттау,

сертификаттау және метрология (салалар бойынша) мамандығы бойынша жоғары білімінің болуы.

Энергетикалық менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – энергетикаға қатысты инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларын даярлау бағытында жоғары білімінің немесе мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) мамандығы бойынша жоғары білімінің болуы.

Киберқауіпсіздік менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – киберқауіпсіздік, цифрлық технологиялар, физика-математика ғылымдары бағытында жоғары білімінің немесе мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) мамандығы бойынша жоғары білімінің болуы.

Экологиялық менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – қоршаған орта, жерге орналастыру, су ресурстары және су пайдалану, физикалық

және химиялық, биологиялық ғылымдар даярлау бағытында жоғары білімінің немесе мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) мамандығы бойынша жоғары білімінің болуы.

Медициналық бұйымдардың сапа менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – медицина, денсаулық сақтау, фармацевция, фармацевтикалық өндіріс технологиясы, биология және биотехнология немесе инженерлік және өңдеу салалары бағытында жоғары білімінің болуы.

Активтерді басқару менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес бағытында жоғары білімінің болуы. Жеткізу тізбегінің қауіпсіздік менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – құқық, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, көлік, логистика, көлік тасымалын, қозғалысын және пайдалануды ұйымдастыру бағытында жоғары білімінің болуы.

Мәліметтер нысаны.

Жылжымайтын мүлік объектілерін басқару менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – қаржы, экология, құқық, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, кадастр, жерге орналастыру бағытында жоғары білімінің болуы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – құқық, әлеуметтік ғылымдар, бизнес, қаржы, экономика бағытында жоғары білімінің болуы.

Жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғалар үшін – құқық, әскери іс, әлеуметтік ғылымдар бағытында жоғары білімінің болуы.

Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғалар үшін-өндірістерде, сондай-ақ инженерлік, өңдеуші және өнеркәсіп салаларында, педагогикалық және жаратылыстану ғылымдарында, әскери істерде еңбекті қорғау және гигиена бағыттары бойынша жоғары білімнің болуы, еңбек

	<p>қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында жұмыс тәжірибесі болған жағдайда немесе аттестаттаудың мәлімделген бағытына сәйкес стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) мамандығы бойынша жоғары білімінің болуы.</p> <p>Егер білімі аттестаттаудың мәлімделген бағытына сәйкес келмеген жағдайда, аттестаттаудың мәлімделген бағыты б о й ы н ш а сарапшы-аудитор ретінде кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы.</p>		
2	<p>Мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі, оның ішінде аттестаттаудың мәлімделген бағытында кемінде екі жыл, аттестаттаудың мәлімделген бағытында сертификаттау жөніндегі маман ретінде сәйкестікті растау жөніндегі органда немесе сарапшы-аудитор ретінде кемінде үш жыл. Қ а з а қ с т а н Республикасында мәлімделетін аттестаттау бағытында сәйкестікті растау жөніндегі органдар болмаған кезде мәлімделетін қызмет бағытында кемінде бес жыл жұмыс өтіліне жол беріледі.</p>	<p>Мәліметтер нысаны, аударымдардың түсу көзін көрсете отырып, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме.</p>	<p>Аттестаттаудың мәлімделген бағытындағы сәйкестікті растау жөніндегі органда сертификаттау жөніндегі маман ретінде аттестаттаудың мәлімделген бағытындағы жұмыс өтілі сәйкестікті растау жөніндегі органның аккредиттеу материалдарындағы сәйкестікті растау жөніндегі органның кадр құрамы туралы мәліметтермен расталады .</p>
	<p>*Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізілген</p>		

<p>ұйымда мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) курстарынан өту және "Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлау (қайта даярлау) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдар. Жалпы талаптар" 1.45 ҚР СТ белгіленген тәртіпте тестілеу.</p> <p>Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларды даярлау, қайта даярлау курстарын өткізу ұзақтығы кемінде сексен академиялық сағатты құрайды.</p> <p>Қазақстан Республикасында аттестаттаудың жаңа бағыттары бойынша даярлау, қайта даярлау жөніндегі курстардан өту үшін жағдайлар болмаған кезде кемінде қырық академиялық сағат көлемінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде курстардан өтуге рұқсат етіледі.</p>	<p>Мәліметтер нысаны.</p>	<p>Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау (қайта даярлау) жөніндегі куәліктердің қолданылу мерзімі – екі жыл.</p>
<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудитордың өтініш берілген аттестаттау бағытында</p>	<p>Мәлімделетін аттестаттау бағытында тағылымдамадан өткені туралы жалпы ұзақтығы кемінде жиырма жұмыс күні болатын төрт есептен кем емес мәліметтер нысаны (құжаттаманы талдауды, тексерулерге қатысуды және олар туралы есептер жасауды қоса алғанда).</p> <p>Аттестаттаудың мәлімделген бағытында тағылымдамадан өткені туралы кемінде бес есептің (кемінде екі түрлі схема бойынша</p>	<p>Аттестаттаудың мәлімделген бағытында практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өту сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаның дайындық (қайта даярлау</p>

4	<p>практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өтуі. Қазақстан Республикасында аттестаттау бағыттары бойынша практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өту үшін жағдайлар болмаған кезде халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестаттаудың мәлімделген бағытында аттестатталған және осы бағытта кемінде екі жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудитор-дан практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өтуге жол беріледі.</p>	<p>сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) немесе бір схема бойынша сериялық өндірілетін өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі кемінде жеті есептің мәліметтер нысаны. Халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестаттаудың мәлімделген бағытында сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығын растайтын құжат. (халықаралық сарапшы-аудитор немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестатталған сарапшы-аудиторда тағылымдамадан өткен жағдайда).</p>	<p>) және оқыту ұйымы даярлау (қайта даярлау) және біліктілікті арттыру жөніндегі куәлікті бергеннен кейін сәйкестікті растау объектісіне баруымен жүзеге асырылады. Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік режим енгізілген, Қазақстан Республикасында карантин және (немесе) шектеу іс-шаралары белгіленген жағдайда қашықтан режимде аттестаттаудың мәлімделген бағытында практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өтуге жол беріледі.</p>
---	---	--	---

3. Қызметтердің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары

1	<p>*Мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін жоғары білімінің болуы немесе стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) мамандығы бойынша жоғары білімінің болуы. Егер білімі мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келмеген жағдайда, мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша сертификаттау жөніндегі маман ретінде кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы.</p>	<p>Мәліметтер нысаны.</p>	
	<p>Мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде үш</p>		

2	<p>жыл, оның ішінде сәйкестікті растау жөніндегі органда аттестаттаудың мәлімделген бағытында кемінде екі жыл немесе аттестаттаудың мәлімделген бағытында сарапшы-аудитор ретінде жұмыс өтілі кемінде үш жыл.</p> <p>Қазақстан Республикасында сәйкестікті растау жөніндегі органдар болмаған кезде аттестаттаудың мәлімделген бағытында қызметтің мәлімделген бағытында кемінде бес жыл жұмыс өтіліне жол беріледі.</p>	Мәліметтер нысаны.	
3	<p>*Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізілген ұйымда мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) курстарынан өту және "Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлау (қайта даярлау) және біліктілігін жоғарылату. Жалпы талаптар" 1.45 ҚР СТ белгіленген тәртіпте тестілеу.</p> <p>Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларды даярлау жөніндегі курстарды өткізу ұзақтығы сексен академиялық сағаттан кем емес уақытты құрайды.</p> <p>Қазақстан Республикасында</p>	Мәліметтер нысаны.	Қызметтердің сәйкестігін растау бойынша сарапшы-аудиторларды даярлау (қайта даярлау) жөніндегі куәліктердің

	<p>аттестаттаудың жаңа бағыттары бойынша даярлау, қайта даярлау жөніндегі курстардан өту үшін жағдайлар болмаған кезде кемінде академиялық қырық сағат көлемінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде курстардан өтуге рұқсат етіледі.</p>		<p>қолданылу мерзімі – екі жыл.</p>
<p>4</p>	<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін немесе халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде (растайтын құжатты қоса бере отырып) мәлімделетін сарапшы-аудиторларды аттестаттау бағытында аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудитордан мәлімделетін аттестаттау бағытында сәйкестікті растау жөніндегі органда практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту. Қазақстан Республикасында аттестаттау бағыттары бойынша практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту үшін жағдайлар болмаған кезде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кемінде қырық академиялық сағат практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге рұқсат етіледі.</p>	<p>Мәлімделетін аттестаттау бағытында тағылымдамадан өткені туралы кемінде бес есеп беретін мәліметтер нысаны (сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда). Халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестаттаудың мәлімделген бағытында сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығын растайтын құжат. (халықаралық сарапшы-аудитор немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестатталған сарапшы-аудиторда тағылымдамадан өткен жағдайда).</p>	<p>Аттестаттаудың мәлімделген бағытында практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлғаның дайындық (қайта даярлау) және оқыту ұйымы даярлау (қайта даярлау) және біліктілікті арттыру жөніндегі куәлікті бергеннен кейін сәйкестікті растау объектісіне баруымен жүзеге асырылады. Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік режим енгізілген, Қазақстан Республикасында карантин және (немесе) шектеу іс-шаралары белгіленген жағдайда қашықтан режимде аттестаттаудың мәлімделген бағытында практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге жол беріледі.</p>

4. Персоналды растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары

1	<p>* Мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін жоғары білімінің болуы. Егер білімі мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келмеген жағдайда, мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша сарапшы-аудитор ретінде кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы.</p>	Мәліметтер нысаны.	
2	<p>Мәлімделетін қызмет бағытында мамандығы бойынша кемінде үш жыл немесе мәлімделетін аттестаттау бағытында сәйкестікті растау жөніндегі органда кемінде үш жыл жұмыс өтілі.</p>	Мәліметтер нысаны.	
3	<p>*Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізілген ұйымда мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) курстарынан өту және "Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлау (қайта даярлау) және біліктілігін жоғарылату. Жалпы талаптар" 1.45 ҚР СТ белгіленген тәртіпте тестілеу. Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларды даярлау жөніндегі курстарды өткізу ұзақтығы сексен</p>	Мәліметтер нысаны.	<p>Персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау (қайта даярлау) жөніндегі куәліктердің</p>

	<p>академиялық сағаттан кем емес уақытты құрайды.</p> <p>Қазақстан Республикасында даярлау, қайта даярлау жөніндегі курстардан өту үшін жағдайлар болмаған кезде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кемінде академиялық қырық сағат көлемінде курстардан өтуге рұқсат етіледі.</p>		<p>қолданылу мерзімі – екі жыл.</p>
4	<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған және осы бағытта кемінде екі жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудитордың сәйкестігін растау жөніндегі органда сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың мәлімделген бағытында практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өту.</p> <p>Қазақстан Республикасында практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту үшін жағдайлар болмаған кезде тиісті бағыттар бойынша кәсіби қауымдастықтардың ұсынымдарына рұқсат етіледі.</p>	<p>Мәлімделетін аттестаттау саласында тағылымдамадан өткені туралы кемінде үш есеп немесе тиісті бағыттар бойынша кәсіби қауымдастықтардың ұсынымдары туралы мәліметтер нысаны</p>	<p>Сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың мәлімделетін бағытында практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту даярлау (қайта даярлау) жөніндегі курстар аяқталғаннан кейін сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның сәйкестікті растау объектісіне баруымен жүзеге асырылады.</p> <p>Қазақстан Республикасында төтенше жағдай жарияланған, карантиндік режим енгізілген, карантин және (немесе) шектеу іс-шаралары белгіленген жағдайда мәлімделетін аттестаттау бағытында қашықтықтан өту режимінде практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге рұқсат етіледі.</p>
5. Процестің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларға қойылатын рұқсат беру талаптары			
1	<p>* Мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келетін жоғары білімінің болуы.</p> <p>Егер білімі мәлімделетін аттестаттау бағытына сәйкес келмеген</p>	<p>Мәліметтер нысаны.</p>	

	жағдайда, мәлімделетін қызмет бағытында кемінде бес жыл жұмыс өтілінің болуы.		
2	<p>Мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде үш жыл, оның ішінде сәйкестікті растау жөніндегі органда мәлімделетін аттестаттау бағытында кемінде екі жыл немесе мәлімделетін аттестаттау бағытында жұмыс өтілі кемінде үш жыл.</p> <p>Қ а з а қ с т а н Республикасында сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың мәлімделетін бағытында процестің сәйкестігін растау жөніндегі органдар болмаған кезде мәлімделетін қызмет бағытында кемінде бес жыл жұмыс өтіліне рұқсат етіледі.</p>	Мәліметтер нысаны.	
3	<p>*Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізілген ұйымда мәлімделетін аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) курстарынан өту және "Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлау (қайта даярлау) және біліктілігін жоғарылату. Жалпы талаптар" 1.45 ҚР СТ белгіленген тәртіпте тестілеу.</p> <p>Өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаларды даярлау жөніндегі курстарды өткізу</p>	Мәліметтер нысаны.	Процестің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау (қайта даярлау) жөніндегі куәліктердің

	<p>ұзақтығы сексен академиялық сағаттан кем емес уақытты құрайды.</p> <p>Қазақстан Республикасында даярлау, қайта даярлау жөніндегі курстардан өту үшін жағдайлар болмаған кезде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде кемінде академиялық қырық сағат көлемінде курстардан өтуге рұқсат етіледі.</p>		<p>қолданылу мерзімі – екі жыл.</p>
4.	<p>Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудиторда сәйкестікті растау жөніндегі органда мәлімделетін аттестаттау бағытында практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту..</p> <p>Қазақстан Республикасында аттестаттау бағыттары бойынша практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту үшін жағдайлар болмаған кезде халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестаттаудың мәлімделген бағытында аттестатталған және осы бағытта кемінде үш жыл жұмыс істейтін сарапшы-аудитор-дан практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге жол беріледі.</p>	<p>Мәлімделетін аттестаттау бағытында тағылымдамадан өткені туралы кемінде үш есеп беретін мәліметтер нысаны (кемінде екі түрлі схема бойынша сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда).</p> <p>Халықаралық сарапшы-аудитор ретінде немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестаттаудың мәлімделген бағытында сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығын растайтын құжат. (халықаралық сарапшы-аудитор немесе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдерде аттестатталған сарапшы-аудиторда тағылымдамадан өткен жағдайда).</p>	<p>Мәлімделетін аттестаттау бағытында практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өту даярлау (қайта даярлау) жөніндегі курстар аяқталғаннан кейін сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның сәйкестікті растау объектісіне баруымен жүзеге асырылады.</p> <p>Қазақстан Республикасында төтенше жағдай жарияланған, карантиндік режим енгізілген, карантин және (немесе) шектеу іс-шаралары белгіленген жағдайда мәлімделетін аттестаттау бағытында қашықтықтан өту режимінде практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге рұқсат етіледі.</p>

Ескертпе:

* Жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктелуіне сәйкес.

Сәйкестікті растау жөніндегі
сарапшы-аудиторларға
қойылатын рұқсат беру
талаптарына, оларға сәйкестікті
растайтын құжаттар тізбесіне
қосымша

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны

_____ (аттестаттаудың мәлімделетін бағыты)

Толтырылған күні _____

Жеке деректері:

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған жылы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Білімі _____

Аяқтаған оқу орнының атауы _____

Аяқтаған жылы _____

Білімі туралы құжаттың (диплом) нөмірі _____

(шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаты бар болса,
Қазақстан Республикасының аумағында заңнамамен белгіленген тәртіппен білім
беру туралы құжатты нострификациялау туралы мәліметтерді көрсету)

Диплом бойынша мамандығы _____

Диплом бойынша біліктілігі _____

Ғылыми дәрежесі (бар болса) _____

Аттестаты (бар болса) _____

(сарапшы-аудитордың)

20 ____ жылы " ____ " _____ № _____ берілген

Жұмыс орны _____

Лауазымы _____

телефоны _____

Тұрғылықты мекенжайы _____

2. Жұмыс өтілінің бар екендігі туралы деректер:

Күні басталуы	Ұйым атауы, лауазымы	Негізгі міндеттемелері	аяқталуы
------------------	----------------------	------------------------	----------

3. Сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарға қатысқандығы (практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуі) туралы деректер:

Жұмыстар жүргізу кезеңі	Тексерілетін ұйымның атауы және мекенжайы	Орындалған жұмыстар тізбесі
-------------------------	---	-----------------------------

4. Даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өткендігі туралы деректер:

Курстардан өту күні	Оқу түрі, сағат саны	Мамандануы (қызмет бағыты)	(Куәліктің нөмірі және берілген күні)	Оқытуды өткізген оқу орталығы
---------------------	----------------------	----------------------------	---------------------------------------	-------------------------------

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2021 жылғы 8 маусымдағы
№ 399-НҚ бұйрығына
2-қосымша

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Техникалық реттеу туралы Заң) 7-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар – осы Қағидаларға сәйкес тәртіппен аттестатталған жеке тұлғалар;

2) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – техникалық реттеу саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – Нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын цифрлық жүйе.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

3. "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау үшін уәкілетті орган кемінде бес адамнан тұратын сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссия құрады. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына дауыс беру құқығынсыз уәкілетті органның, аккредиттеу жөніндегі органның, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің өкілдері байқаушы ретінде енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 13.08.2025 № 241-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатын алу үшін сарапшы-аудиторларға үміткер жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды жолдайды:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

осы Бұйрыққа 1-қосымшада бекітілген сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны;

мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдамадан өту туралы есептердің (бұдан әрі – есеп) электрондық көшірмелері, мынадай мөлшерде:

өнім бойынша – кемінде екі түрлі схема бойынша сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда, кемінде бес есеп немесе бір схема бойынша сериялық өндірілетін өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі кемінде бес есеп;

көрсетілетін қызметтер бойынша (сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) – кемінде бес есеп;

менеджмент жүйесі бойынша – тағылымдамалардың жалпы ұзақтығы кемінде жиырма жұмыс күні болатын төрт есеп (құжаттаманы талдауды, тексерулерге қатысуды және олар туралы есептер жасауды қоса алғанда);

персонал бойынша – кемінде үш есеп немесе тиісті бағыттар бойынша кәсіби қауымдастықтардың ұсынымдары;

процесс бойынша – мәлімделетін аттестаттау бағытындағы кемінде үш есеп (сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда).

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау бағыттары осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатын алу үшін сарапшы-аудиторларға үміткер шетел азаматы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мынадай қосымша құжаттарды жолдайды:

Қазақстан Республикасының аумағында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсат;

Қазақстан Республикасының сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органда еңбек қызметін растайтын құжат;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жұмыс берушімен еңбек қатынастарын бұзу туралы растайтын құжат;

олардың азаматтығы бар елдің (олар тұрақты тұратын елдер – азаматтығы жоқ адамдар үшін) не кандидат соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген елде немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы құжатының электрондық көшірмесі. Көрсетілген құжаттың берілген күні өтінішхат берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжатта оның өзге қолданылу мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Егер мемлекеттік органы алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға қатысты растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жолданады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Аттестаттан айырылған немесе тоқтатыла тұрған немесе мерзімі өткен сарапшы-аудиторларды қоспағанда, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзарту үшін аттестаттау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күнде көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мынадай құжаттарды жолдайды:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзартуға беретін жеке тұлғаның мәліметтер нысаны;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделетін аттестаттау бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есептің электрондық көшірмесі.

7. Бұрын аттестатталған сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар "Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдар. Жалпы талаптар" ҚР СТ 1.45-те белгіленген тәртіппен Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың тізіліміне енгізілген ұйымда кемінде 40 (қырық) академиялық сағат көлемінде мәлімделетін аттестаттау бағытында біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Атын немесе тегін ауыстыруға байланысты сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатына өзгерістер енгізу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы редакциялауға еркін нысандағы өтініш жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші редакциялауға өтінішті ол тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды.

9. Көрсетілетін қызметті беруші жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 09.12.2024 № 405-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды және (немесе) мәліметтерді қабылдау туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып көрсетіледі.

12. Көрсетілетін қызметті беруші электрондық құжаттар және (немесе) мәліметтер келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 84-бабына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

13. Көрсетілетін қызметті беруші тіркелген сәттен бастап ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші Заңның 19-бабына сәйкес 1 (бір) жұмыс күні ішінде сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның қарауынсыз өтінішті қабылдаудан бас тартады және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында хабарлама жолдайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатын (бұдан әрі – аттестат) беру не аттестаттың қолданылу мерзімін 5 (бес) жылға ұзарту не осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

15. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешімі сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатын беру, мерзімін ұзарту не бас тарту туралы дәлелді жауап беру үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

17. Заңның 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Техникалық реттеу саласындағы заңнаманың, осы Қағидалардың талаптарына, сондай-ақ осы Бұйрыққа 1-қосымшада бекітілген, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

3-1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 09.12.2024 № 405-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті қарау мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылығын ұсынады немесе айтады.

19. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

20. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау аттестаттан айырылған күннен бастап екі жыл өткен соң жүргізіледі.

21. Тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде аяқталатын сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар аттестаттарының қолданысын тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шараларының, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың қолданылу кезеңіне және оның күші жойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнге ұзартады.

22. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулардың туындауын анықтаған сәттен бастап дереу sd@nitech.kz электрондық поштасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жіберу арқылы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, өтініштің әкімшілік құжатының нөмірі мен коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі бойынша ақпарат міндетті түрде ұсыныла отырып, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, авторизация сәтінен бастап қатенің нақты уақытын көрсете отырып, қате туындаған сәтке дейінгі қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымы операторын хабардар етеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

24. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдау немесе көрсетілетін қызметті берушінің іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей беріледі:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес қаралуға жатады:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам шағымды берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) хабарлайды.

Шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны қарайтын органға жолдайды. Шағымды көрсетілетін қызметті беруші шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы акт қабылданған, әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға жолдамайды.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы шағымды қарайтын басқа органға немесе ҚР ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес сотқа жүгінеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданылуын тоқтата тұру техникалық реттеу туралы Заңның 15-бабы 4-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 26-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатынан айыру (кері қайтарып алу) техникалық реттеу туралы Заңның 15-бабы 5-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 27-тармақпен толықтырылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сәйкестікті растау жөніндегі
сарапшы-аудиторларды

аттестаттау, аттестаттарының
қолданылуын ұзарту және
Сәйкестікті растау жөніндегі
сарапшы-аудиторды аттестаттау
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына 1-қосымша

_____ (аттестаттау
органының толық атауы) _____
_____ (аттестаттау бағыты)

жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлға _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, телефоны)

Өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мені _____
(аттестаттау бағыты)

сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор ретінде аттестаттауды сұраймын.
Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасында
белгіленген сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарды толық орындауға
міндеттенемін.

Ақпараттық жүйелерде жазылған, заңмен қорғалатын мәліметтерді пайдалануға
келісемін _____

20 __ жылғы " __ " ____ (Электрондық цифрлық қолтаңба)

Қоса беріліп отырған құжаттар

20 __ жылғы " __ " ____ (Электрондық цифрлық қолтаңба)

Сәйкестікті растау жөніндегі
сарапшы-аудиторларды
аттестаттау, аттестаттарының
қолданылуын ұзарту және
"Сәйкестікті растау жөніндегі
сарапшы-аудиторды
аттестаттау" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
2-қосымша
соответствия"

Нысан
Форма

Тағылымдамадан өткені туралы есеп

жөніндегі

(аттестаттаудың мәлімделетін бағыты)

(сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(есептің мәтіні)

Сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлға (тағылымдамадан өтуші)

(тегі, аты-жөні) (қолы)

Тағылымдама жетекшісінің пікір-мінездемесі:

Бағалау саласы	Бағалау (қанағаттанарлық, қанағаттарлықсыз)
Білімі:	
Қазақстан Республикасы заңнамаларының негіздері	
Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік құқықтық актілері мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар	
Жұмыстар мен тексерулер жүргізу әдістері мен рәсімдері, тексерілетін объектілердің сипаттамалары, оларды бағалау әдістері мен тәсілдері, есептерді, қажетті құжаттар мен жұмыс нәтижелері бойынша қорытындыларды дайындау	
Білімді іс жүзінде қолдана білу	
Жеке қасиеттерін іске асыру	
Жалпы баға	

Тағылымдама жетекшісі

(сарапшы-аудитор, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) аттестаттың тіркеу нөмірі және берілген күні)

(сарапшы-аудитор ретіндегі лауазымы, жұмыс орны, жұмыс өтілі)

(тағылымдама жетекшісінің қолы) (тағылымдама жетекшісінің тегі және аты-жөні)

Ұйым басшысы

(ұйым басшысының қолы) (ұйым басшысының тегі және аты-жөні)

Мөр орны (бар болса)

Ескертпе:

Есеп мәтінінде:

1) тағылымдамадан өту күні (күндері), тағылымдама өткен ұйымның атауы және мекенжайы (Қазақстан Республикасының аккредиттеу субъектілерінің тізілімінде тіркелген ұйымның аккредиттеу аттестатының нөмірі және қолданылу кезеңі), сондай-ақ қашықтықтан өту режимінде тағылымдамадан өткен жағдайда қашықтықтан өту режимінде тағылымдамадан өту себебі;

2) жұмыстар қандай қағидалар мен рәсімдерді анықтайтын құжаттарға сәйкес жүргізілгені;

3) тексерілетін тексеру объектісінің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы шешім қабылдауға негіз болған құжаттарды (сертификаттау/декларация рәсімінің қорытындысы, сынау хаттамаларының нөмірлері) көрсете отырып, жұмыстарды жүргізу тәртібі;

4) сәйкестік сертификатын беру/беруден бас тарту туралы қабылданған шешім (тексерілетін ұйымның атауын және мекенжайын көрсете отырып).

Сәйкестікті растау жөніндегі
сарапшы-аудиторларды
аттестаттау, аттестаттарының
қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті
растау жөніндегі
сарапшы-аудиторды аттестаттау"
мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
3-қосымша

Сәйкестікті растау бойынша сарапшы-аудиторларды аттестаттау бағыттары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 09.12.2024 № 405-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Өнімнің сәйкестігін растау:

1) машина жасау;

2) автокөлік құралдары;

3) металлургиялық;

4) радиотехникалық, электротехникалық және кабельдік;

5) электрондық және байланыс құралдары;

- 6) бағдарламалық құралдар мен дерекқорлар;
- 7) жеңіл өнеркәсіп;
- 8) құрылыс материалдары, конструкциялар мен бұйымдар, ағаш өңдеу;
- 9) жиһаз;
- 10) тамақ өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы өндірісі;
- 11) химия және тұрмыстық химия;
- 12) парфюмерлік-косметикалық және санитариялық-гигиеналық мақсаттағы;
- 13) мұнай және оны қайта өңдеу өнімдері;
- 14) газ және оны қайта өңдеу өнімдері;
- 15) қатты отын және оны қайта өңдеу өнімдері;
- 16) қару (қызметтік-штаттық, азаматтық) және оның оқ-дәрілері;
- 17) жарылғыш заттар мен бұйымдар және олардың негізіндегі басқа да өнім түрлері

;

- 18) пиротехникалық;
- 19) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдары;
- 20) жеке қорғану құралдары.

2. Қызметтердің сәйкестігін растау:

- 1) автожанармай құю станциялары мен мұнай өнімдері базалары;
- 2) қонақ үй;
- 3) қоғамдық тамақтандыру;
- 4) шаштараздар;
- 5) автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- 6) туристік және экскурсиялық;
- 7) теміржол көлігіндегі экспедиторлық қызметтер;
- 8) химиялық тазалау;
- 9) көлік-экспедиторлық;
- 10) аудармалық.

3. Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау.

4. Қызметкерлердің сәйкестігін растау.

5. Процестің сәйкестігін растау:

- 1) органикалық өнім өндіру;

1-1) мүгедектігі бар адамдардың инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуін пайдалану;

- 2) халал өнімдерін өндіру.

Ескертпе:

1. Біртекті өнімдер тобы бойынша сарапшы-аудиторларды аттестаттау бағыттары бойынша сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаға тағылымдамадан өту туралы кемінде бес есеп және бұрын аттестатталған сарапшы-аудиторлар үшін – сарапшы-аудитордың қызметі туралы есепті өнім тобының

бағыттарының бірі бойынша ұсынылған тағылымдамаларды немесе сарапшы-аудитордың қызметі туралы есепті ескере отырып жолдаманы кейіннен аттестаттай отырып ұсынуға рұқсат етіледі.

2. Аттестаттаудың жаңа бағыттары енгізілген кезде аттестаттаудың жаңа бағыты енгізілгенге дейін осы өнімнің сәйкестігін растауды жүргізген бұрын аттестатталған сарапшы-аудиторда практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге рұқсат етіледі.

3. Қолданыстағы стандарттардың орнына жаңа стандарттар енгізілген кезде сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жаңадан аттестатталатын жеке тұлғалар үшін жаңа стандарт енгізілгенге дейін қолданыстағы стандарт талаптарына сәйкестікті растауды жүргізген сарапшы-аудиторда практикалық даярлаудан (тағылымдамадан) өтуге рұқсат етіледі (сарапшы-аудиторда мәлімделген аттестаттау бағытында даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы құжат болған кезде).

Алғаш қабылданған стандарттарды енгізу кезінде (қолданысқа енгізу мерзімі 2 (екі) жылдан кем) енгізілетін стандарт бойынша оқудан өту және соңғы 5 (бес) жыл ішінде сарапшы-аудитор ретінде мамандығы бойынша жұмыс өтілі талап етіледі.

Сәйкестікті растау жөніндегі
сарапшы-аудиторларды
аттестаттау, аттестаттарының
қолданылуын ұзарту және
"Сәйкестікті растау жөніндегі
сарапшы-аудиторды ттестаттау"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына 4-қосымша
Нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ (аттестаттау
органының толық атауы)

сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданылуын ұзартуға беруші жеке тұлғадан _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, телефоны)

Өтініш _____

(аттестаттау бағыты) сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданылуын ұзартуды сұраймын. Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарды толық орындауға міндеттенемін.

Цифрлық жүйелерде жазылған, заңмен қорғалатын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____

20 __ жылғы " __ " ____ (Электрондық цифрлық қолтаңба)

Қоса беріліп отырған құжаттар 20 __ жылғы " __ " ____

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 5-қосымша

Сарапшы-аудитор аттестатының қолданылуын ұзартуға беретін жеке тұлға мәліметтерінің нысаны

_____ (аттестаттаудың мәлімделетін бағыты)

Толтырылған күні _____

Жеке деректері:

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған жылы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Жұмыс орны _____

Лауазымы _____

Тұрғылықты мекенжайы _____

2. Сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарға қатысу туралы деректер:

Жұмыстарды жүргізу кезеңі	Тексерілетін ұйымның атауы және мекенжайы	Орындалған жұмыстардың тізбесі
---------------------------	---	--------------------------------

3. Даярлау (қайта даярлау) немесе біліктілігін арттыру курстарынан өткені туралы деректер:

Курстардан өту күні	Оқу түрі, сағат саны	Мамандануы (қызмет бағыты)	(Куәліктің нөмірі және берілген күні)	Оқытуды жүргізген оқу орталығы
---------------------	----------------------	----------------------------	---------------------------------------	--------------------------------

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды

Сарапшы-аудитордың қызметі туралы есеп

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.09.2023 № 354-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ (аттестаттау бағыты)

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

20__ жылғы "___" _____ берілген № _____

_____.

_____ аттестаты

(сарапшы-аудиторды аттестаттау бағыты)

Есепті кезең (сарапшы-аудитор аттестатының қолданыс мерзімі) 20__ жылғы "___"

_____ 20__ жылғы "___" _____ дейін.

Р/с №	Жылы	Есептік кезең ішіндегі орындалған жұмыстар туралы мәліметтер (бала күту бойынша декреттік демалыс уақытын қоспағанда)	Есептік кезең ішіндегі орындалған жұмыстар нәтижесі (бала күту бойынша декреттік демалыс уақытын қоспағанда)
1	2	3	4
1

_____ (негізгі жұмыс орны)

_____ (аттестаттың қолданысын тоқтата тұру, аттестаттан айыру туралы мәліметтер)

_____ (сарапшы-аудитордың тегі және аты-жөні) (қолы, күні)

_____ (ұйым басшысының тегі және аты-жөні) (қолы, күні) Мөр орны (бар болса)

Ескертпе:

Ескертпе:

1) Есепті кезеңде орындалған жұмыстардың нәтижелерінде аттестатты ұзартуға беретін сарапшы-аудитор қол қойған сәйкестік сертификатының/сәйкестік туралы декларацияның нөмірі мен берілген күні немесе сертификатталған өнімді инспекциялық бақылау нәтижелері көрсетіледі;

2) Инспекциялық бақылау немесе сертификаттық аудит нәтижелері бойынша жұмыстар ұсынылған жағдайда қызмет туралы есепке инспекциялық бақылау актілерінің/өндіріс жай-күйін талдау актілерінің және аудит бағдарламасының көшірмелері қоса беріледі;

3) Есепті кезеңде сертификатталған өнімді сертификаттау/декларациялау/инспекциялық бақылау жүргізу бойынша кемінде жиырма бес жұмыс немесе сәйкестікті растауды аттестаттау бағыттары бойынша кемінде он бес жұмыс көрсетіледі: менеджмент жүйелері, қызметтер, персонал, процесс;

4) Декреттік демалыстағы сарапшы-аудитор бала күтімі бойынша декреттік демалыста екендігі туралы анықтаманы ұсынады.

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 09.12.2024 № 405-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.08.2025 № 241-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2026 № 160-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы: Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар аттестаттарының қолданысын ұзарту		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Өтінімді тіркеген сәттен бастап – 6 (алты) жұмыс күні.

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитордың аттестаты не аттестаттың қолданылу мерзімін 5 (бес) жылға ұзарту не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) жұмыс істейді; 2) көрсетілетін қызметті беруші – Кодекске және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 12:30-дан 13:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08:30-ден 17:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайы Министрліктің www.beta.egov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
		Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатын алу

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

үшін: осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; осы бұйрықпен бекітілген сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарына, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторға үміткер жеке тұлғаның мәліметтер нысаны;

мәлімделетін аттестаттау бағыты бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдамадан өту туралы есептердің (бұдан әрі – есеп) электрондық көшірмелері мынадай мөлшерде: өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша (кемінде екі түрлі схема бойынша сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда) – кемінде бес есеп;

менеджмент жүйесі бойынша – тағылымдамалардың жалпы ұзақтығы кемінде жиырма жұмыс күні болатын кемінде төрт есеп (құжаттаманы талдауды, тексерулерге қатысуды және олар туралы есептер жасауды қоса алғанда); персонал бойынша – кемінде үш есеп немесе тиісті бағыттар бойынша кәсіби қауымдастықтардың ұсынымдары; процесс бойынша – мәлімделетін аттестаттау бағытындағы кемінде үш есеп (сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар туралы ақпаратты қоса алғанда). Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитор аттестатының қолданылуын ұзарту үшін:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында сарапшы-аудитор аттестатының қолданысын ұзартуға беретін жеке тұлғаның мәліметтер нысаны; осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделетін аттестаттау

		<p>бағытындағы сарапшы-аудитордың қызметі туралы есептің электрондық көшірмесі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.</p>
<p>9</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің техникалық реттеу саласындағы заңнаманың, осы Қағидалардың талаптарына, сондай-ақ осы бұйрыққа 1-қосымшада бекітілген сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптары, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті</p>

		алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.
10	Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда, портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 (7172) 70-19-98 арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-05-60, 75-05-25.</p>

Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылуын ұзарту және "Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
8-қосымша
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудитордың аттестаты

Сарапшы-аудиторлар тізілімінде тіркелген

20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ № _____

20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ дейін жарамды

Осы аттестат _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

сарапшы-аудиторларға қойылатын Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетінін және

—
—
сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталғандығын куәландырады.

Аттестат 20__ жылғы "___" _____ Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешімі негізінде берілді.

—
(электрондық цифрлық қолтаңба) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК